

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2025 жылғы 30 қазандағы № 11-1-4 /644 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 31 қазанда № 37309 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Инвестиция комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Заң қызметі департаментіне жіберілуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрі

Е. Кошербаев

"Келісілді"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"Келісілді"

Қазақстан Республикасы

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

"Келісілді"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Инвестициялық келісімшарт шеңберінде импорты қосылған құн салығынан босатылған шикізат және (немесе) материалдар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 140 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16736 болып тіркелген).

2. "Инвестициялық келісімшарт шеңберінде импорты қосылған құн салығынан босатылған шикізат және (немесе) материалдар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 140 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушының 2025 жылғы 18 ақпандағы № 11-1-4/83 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35737 болып тіркелген).

3. "Инвестициялық салық кредитін алу үшін инвестициялық салық кредиті туралы келісім жасасу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы № 11-1-4/106 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22396 болып тіркелген).

4. "Инвестицияларды салық кредитін алу үшін инвестициялық салық кредиті туралы келісім жасасу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы № 11-1-4/106 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2023 жылғы 13 наурыздағы № 11-1-4/106 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32096 болып тіркелген).